

## **Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Алматы қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 4/620 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 желтоқсанда № 1675 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Алматы қаласы Білім басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауды және Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ж. Бабақұмаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы ол алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласының әкімі*

*Б. Сагинтаев*

Алматы қаласы әкімдігінің  
2020 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 4/602 қаулысына  
қосымша

## **Алматы қаласы әкімдігінің кейбір күші жойылған қаулыларының тізбесі**

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" 2016 жылғы 12 тамыздағы № 3/380 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1308 болып тіркелген, 2016 жылғы 24 қыркүйекте "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған).

2. Алматы қаласы әкімдігінің "Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" 2017 жылғы 5 қазандағы № 4/397 қаулысы (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1414 болып тіркелген, 2017 жылғы 2 қарашада "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған).

3. Алматы қаласы әкімдігінің "Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы № 2/226 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1484 болып тіркелген, 2018 жылғы 19 маусымда " Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған).

4. Алматы қаласы әкімдігінің "Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" 2018 жылғы 25 мамырдағы № 2/227 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1486 болып тіркелген, 2018 жылғы 19 маусымда "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған).

5. Алматы қаласы әкімдігінің "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" 2018 жылғы 25 мамырдағы № 2/228 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1485 болып тіркелген, 2018 жылғы 19 маусымда "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған).

6. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы әкімдігінің "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру ( растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" 2016 жылғы 12 тамыздағы № 3/380 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2019 жылғы 20 тамыздағы № 3/498 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1582 болып тіркелген, 2019 жылғы 3 қыркүйекте "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған).